



БЕКІТІЛДІ

М.Х. Дулати атындағы Тараз
университеті" Ке АҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(2025 ж. № 1 хаттама)










«МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Тіркеу № 03

ТАРАЗ, 2025

© М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Ғылыми журналдар редакциясының бас редакторы Бекбасаров И.И.	 /КОЛЫ/	25.06.25 ж
	Редакция маманы Атенов Е.И.	 /КОЛЫ/	25.06.25 ж
2. ЕНГІЗІЛГЕН	Ғылыми журналдар редакциясының бас редакторы		
3. ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	Бірінші рет		
5. ТАРАТЫЛСЫН	Ғылыми журналдар редакциясына, университет кафедраларына		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	"М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті" Ке АҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен 29.08.2025 ж. № 1 хаттама.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі - ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.А.	 /КОЛЫ/	26.06.25 ж
	Басқарма мүшесі – стратегиялық дамыту және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	26.06.25 ж
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /КОЛЫ/	26.06.25 ж
	Персоналды басқару қызметінің бастығы Есмаханов Б.Ж.	 /КОЛЫ/	26.06.25 ж
	Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Кабдушев А.А.	 /КОЛЫ/	25.06.25 ж
	Заң қызметі басшысы Қайназарова М.Б.	 /КОЛЫ/	25.06.25 ж
	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Балкибекова Г.А.	 /КОЛЫ/	25.06.25 ж

Бұл құжат М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті Басқарма Төрағасы – Ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану аясы.....	4
2	Нормативтіксілтемелер.....	4
2.1	Нормативтік құжаттар.....	4
3	Негізгі терминдер, қысқарған сөздер және белгілер.....	4
3.1	Негізгі терминдер.....	4
3.2	Қысқарған сөздер.....	5
3.3	Белгілер	6
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	6
5	Жалпы ережелер.....	6
6	Журнал мақсаты	7
7	Журналдың тақырыптық бағыттары, мақала түрлері, шығу мерзімі мен тілдері	7
7.1	Журналдың тақырыптық бағыттары	7
7.2	Мақала мен материалдар түрлері	7
7.3	Журналдың шығу мерзімі, мақала жариялау тілдері	8
7.4	Құпиялық туралы мәлімдеме	8
8	Мақаланың құрылымына және рәсімделуіне қойылатын талаптар	8
8.1	Мақаланың құрылымына қойылатын талаптар	8
8.2	Мақаланы рәсімдеу бойынша техникалық талаптар	9
9	Мақаланы жариялау шарттары мен мұрағаттау	9
9.1	Ашық қолжетімділік	9
9.2	Лицензия	9
9.3	Журнал сандарын мұрағаттау	9
10	Мақаланы редакциялық тексеру үрдісі	10
10.1	Плагиатқа тексеру	10
10.2	Мақаланы рецензиялау түрі мен тәртібі	10
10.3	Генеративті ЖИ қолдануға редакция көзқарасы	11
11	Журналда қабылданған жариялау этикасы	11
11.1	Ғылыми теріс пиғыл фактілеріне көзқарас	11
11.2	Авторлар құқықтары	12
11.3	Авторлар міндеттері	12
11.4	Рецензенттер құқықтары мен міндеттері	13
11.5	Редакциялық алқа мүшесінің құқықтары мен міндеттері	13
11.6	Редакция маманының құқықтары мен міндеттері	13
11.7	Бас редактордың құқықтары мен міндеттері	14
12	Мақала жариялау төлемақысы	14
12.1	Төлемақы мөлшері	14
12.2	Төлем жасау тәсілі	15
12.3	Реквизиттер	15
13	Алгоритм проведения процедуры	16
14	Тәуекелдерді басқару	17
15	Қосымшалар.....	18
	Қосымша А. Келісу парағы	19
	Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы	20

1. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы редакциялық саясат «Механика және технологиялар» ғылыми журналында жариялау үшін бірыңғай міндетті талаптар негізінде мақаланы дайындау және қабылдау, оны рецензиялау және сараптау жөніндегі қызметті тиімді ұйымдастыруды және басқаруды қамтамасыз ету үшін әзірленген. Редакциялық саясаттың талаптары «Механика және технологиялар» ғылыми журналында мақала жариялау процесінің барлық қатысушыларына: мақалалар ұсынатын авторларға, рецензенттерге, редакциялық алқа мүшелеріне және редакция мамандарына қатысты қолданылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы редакциялық саясат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

МЕМСТ 7.5-98	МЕМСТ 7.5-98 «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспаға рәсімдеу». Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңеспен қолданысқа енгізілген (1998 жылғы 28 мамырдағы №1:3-98 хаттама).
МЕМСТ 7.1-2003	МЕМСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері». Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңеспен қолданысқа енгізілген (2003 жылғы 2 шілдедегі №12 хаттама).
ҚР БҒМ бұйрығы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №20 бұйрығы.
Ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар	Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 14.06.2024 ж. №295 бұйрығымен бекітілген редакцияда).
Әдістемелік ұсынымдар	Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне ғылыми басылымдарды енгізу жөніндегі ұйымдардың өтініштерін қарау бойынша әдістемелік ұсынымдар (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.10.2024 ж. №883 бұйрығына қосымша).
УСТ 01	«Құжатталған ақпаратты басқару» университет стандарты.
УСТ 02	«Сапа менеджменті жүйесі мен құжаттамасын құруға, ұсынуға және рәсімдеуге қойылатын талаптар» университет стандарты.

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы редакциялық саясатта келесі терминдер қолданылады:

Ғылыми журнал	Мерзімді кезеңділікпен қағаз түрінде және электрондық форматта шығарылатын және ғылыми сипаттағы мақалаларды жариялайтын басылым.
Ғылымимақала	Автор немесе авторлар ұжымы қандай да бір ғылыми бағыт

Басылым редакциясы	бойынша орындаған теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін қамтитын еңбек (материал).
Редакциялық алқа	Мерзімді ғылыми басылымды дайындауды және шығаруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше.
Плагиатқа тексеру	Бас редактор басқаратын ғылыми басылымның алқалы басқару органы.
Рецензиялау	Авторлықты тиісті түрде көрсетпестен басқа әдебиет көздерінен көшірілген мәтін бөліктерін анықтау үрдісі. Зерттеу нәтижелерінің өзектілігін, шынайылығын, жаңалығы мен құндылығын кәсіби бағалау мақсатында нақты ғылым саласындағы ғалым-мамандардың ғылыми мақаланың қолжазбасын қарау рәсімі.
Ғылыми этика	Ғылыми мақалалардың авторлары ұстануға міндетті ережелер мен олардың бұзылуы әкімшілік жауапкершілікке әкелетін моральдық принциптердің жиынтығы
Лицензия CC BY-NC 4.0	Пайдаланушыға авторлық құқықпен қорғалған материалдарды коммерциялық мақсатта өзгерту немесе пайдалану құқығынсыз көшіру және тарату құқығына мүмкіндік беретін лицензия түрі (Creative Commons Attribution – Non Commercial 4.0 International).
Open Access	Журнал мақалаларын кедергісіз оқуға, жүктеуге, таратуға, дәйексөз келтіруге және зерттеу жұмыстарында пайдалануға мүмкіндік беретін ашық қол жетімділік принципі.
CORE	Мақаланы дайындау, оларды қарау және ғылыми журналдарда жариялау кезінде әдеп нұсқаулықтарын әзірлейтін Жарияланымдар этикасы комитеті.


3.2 Қысқартылған сөздер

Осы редакциялық саясатта келесі қысқартылған сөздер қолданылады:

Журнал	«Механика және технологиялар» ғылыми журналы
Университет	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҒЖБСҚЕК	ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
DOI	Сандық нысан идентификаторы (Digital object identifier) – ғаламдық Интернет желісіндегі материалдарды іздеумен оларды пайдалануды айтарлықтай жеңілдету мақсатында электрондық құжатқа берілген нөмір
ORCID	Ғылыми мақалалар авторларын дербес сәйкестендірудің халықаралық жүйесі
FTAMP	Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы
Генеративтік ЖИ	Жалпы алғанда жасанды интеллект деп аталатын, анықтамалар мен сұрақтарға жауап ретінде мәтінді, кескіндерді немесе басқа медиа деректерді жасауға қабілетті машиналық оқыту алгоритмдерінің жиынтығы.
StrikePlagiarism	Мәтінді заңсыз иемденудің бар-жоғын тексеру үшін қолданылатын бағдарламалық жүйе

3.3 Белгілер

Осы редакциялық саясатта мынадай белгілер пайдаланылады:



4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1 Осы редакциялық саясатты университеттің Басқарма Төрағасы –Ректоры бекітеді.

4.2 Осы қызметті басқару және оны қолданысқа енгізу жауапкершілігі «Механика және технологиялар» ғылыми журналының бас редакторына жүктеледі.

4.3 Осы редакциялық саясат ережелерінің УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» құжат талаптарына сәйкестігіне, сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне қатысты жауапкершілік, сондай-ақ түпнұсқаны университеттің Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беру жауапкершілігі ғылыми журналдың бас редакторына жүктеледі.

4.4 «Механика және технологиялар» ғылыми журналына мақалалар қабылдау, оларды сараптау және шығару бойынша үрдістің нақты кезеңдеріндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіруге бас редактор, редакция алқасының мүшелері және редакция мамандары жауапты болады. Мақала авторлары мен рецензенттер журналға жариялау үшін мақаланы беру және рецензиялау кезінде осы редакциялық саясаттың талаптарын сақтауға жауапты саналады.

4.5 Осы редакциялық саясатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу тәртібі УСТ 01 құжатына сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.6 Осы редакциялық саясаттың ескерілген жұмыс даналарын редакция алқасы университеттің кафедраларына және ғылыми құрылымдық бөлімшелеріне таратады. Редакциялық саясаттың электрондық нұсқасы «Механика және технологиялар» журналының <https://mit.dulaty.kz/> сайтында орналастырылады.

4.7 Осы редакциялық саясаттың келісу тәртібі стратегиялық дамыту және интернационалдандыру жөніндегі проректор, ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор, ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры, персоналды басқару қызметінің бастығы, заң кеңесшісі, аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы тараптарынан жүзеге асырылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 «Механика және технологиялар» ғылыми журналы қағаз түрінде және электрондық форматта белгіленген мерзіммен шығатын және ғылыми сипаттағы мақалаларды жариялайтын басылым болып табылады. Басылымда жарияланатын ғылыми мақалалар жеке автор немесе авторлар ұжымының белгілі бір ғылыми бағыт бойынша орындаған теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулерінің нәтижелерін қамтиды.

5.2 «Механика және технологиялар» ғылыми журналының құрылтайшысы «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕАҚ болып табылады.

5.3 Ғылыми басылымның баспагері «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕАҚ-ның "Dulaty University" баспасы болып табылады.

5.4 «Механика және технологиялар» ғылыми журналының басқарушы органы ретінде бас редактор басқаратын редакциялық алқа қызмет етеді.

5.5 «Механика және технологиялар» журналының ресми сайты <https://mit.dulaty.kz/> сілтемесі арқылы қолжетімді. Барлық ресми хат алмасулар журналдың көрсетілген сайты арқылы жүзеге асырылады. Электрондық пошта арқылы мақалалар қабылданбайды.

6. ЖУРНАЛ МАҚСАТЫ

«Механика және технологиялар» ғылыми журналының мақсаты заманауи механика (қатты дене, сусымалы заттар, топырақ, сұйық және газ тәрізді заттар механикасы), тамақ өнімдері технологиялары, жеңіл өнеркәсіп технологиялары, көлік технологиялары, құрылыс технологиялары, машина жасау технологиялары, химиялық технологиялар, экологиялық технологиялар, энергетикалық технологиялар, мелиорация және ирригация технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мұнай-газ технологиялары, су ресурстары және суды пайдалану, гидротехника мәселелері бойынша өзекті теориялық және эксперименталдық ғылыми зерттеу жұмыстарын отандық және шетелдік ғылыми қауымдастық арасында кеңінен тарату болып табылады.

7. ЖУРНАЛДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАРЫ, МАҚАЛА ТҮРЛЕРІ, ШЫҒУ МЕРЗІМІ МЕН ЖАРИЯЛАУ ТІЛДЕРІ

7.1 Журналдың тақырыптық бағыттары

«Механика және технологиялар» ғылыми журналына келесі тақырыптық бағыттарға сәйкес мақалалар қабылданады:

- тамақ өнімдерінің технологиялары;
- жеңіл өнеркәсіп технологиялары;
- құрылыс технологиялары;
- химиялық технологиялар;
- механика (қатты дене, сусымалы зат, топырақ, сұйық, газды заттар механикасы);
- көлік технологиялары;
- машина жасау технологиялары;
- экологиялық технологиялар;
- энергетикалық технологиялар;
- мелиорация және ирригация технологиялары;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- мұнай-газ технологиялары;
- су ресурстары және суды пайдалану;
- гидротехника.

7.2 Жарияланатын мақалалар мен материалдар түрлері

«Механика және технологиялар» ғылыми журналы келесі мақала түрлерін жариялайды:

- ғылыми зерттеудің, эксперименттік немесе аналитикалық қызметтің бастапқы, аралық немесе түпкілікті нәтижелерінің мәтіндік материалы болып табылатын, авторлық әзірлемелерді, қорытындыларды, ұсыныстарды, жарияланбаған және жаңалыққа ие **ҒЫЛЫМИ** мақалалар;

- жалпылама тұжырымдар мен ұсыныстарды келтіретін жалпы тақырыппен байланысты бұрын жарияланған ғылыми нәтижелерді зерттеуге және талдауға арналған **шолу мақалалары**;

- журналдың тақырыптық бағыттары бойынша қандай да бір ғылыми мәселелерді жариялау үшін оқырмандар тарапынан редакцияға жіберілген немесе журналда жарияланған мақалалардың мазмұны туралы хабарламалар болып табылатын **редакцияға хаттар**;

- қоғамдық коммуникацияға демократиялық сипат беретін оқырмандармен кері байланыс орнатуға бағытталған **редакцияға келген хаттарға жауаптар**;

- журналдың тақырыптық бағыттары бойынша оқырмандарды өзекті ғылыми нәтижелер мен құнды ғылыми жетістіктер туралы уақтылы хабардар етуге бағытталған **ғылыми жетістіктер туралы ақпарат**;

- редакциялық алқа мүшелерінің, журналдың рецензенттері мен авторларының ең жарқын еңбек және ғылыми жетістіктерін жариялайтын **мерейтойлық ақпарат**.

7.3. Журналдың шығу мерзімі, мақала жариялау тілдері

«Механика және технологиялар» ғылыми журналы тоқсан сайын, жылына 4 рет шығарылады. Журнал сандарының шығару мерзімі келесідей:

- №1 – 30 наурыз;
- №2 – 30 маусым;
- №3 – 30 қыркүйек;
- №4 – 30 желтоқсан.

«Механика және технологиялар» ғылыми журналы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдап, жариялайды.

7.4 Құпиялық туралы мәлімдеме

«Механика және технологиялар» журналының редакциясы журнал сайтында енгізілген есімдер мен электрондық пошта мекенжайлары сияқты авторлар мен рецензенттердің дербес деректері тек журнал белгілеген мақсаттар үшін ғана пайдаланылатынын және өзге мақсаттарға қолданылмайтынын немесе басқа тұлғалар мен ұйымдарға берілмейтіндігін растайды.

8. ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Ғылыми мақала құрылымына қойылатын талаптар

«Механика және технологиялар» журналына жариялау үшін ұсынылатын ғылыми мақала бұрын жарияланбаған және жаңалығы бар авторлық эзірлемелерді, қорытындыларды, ұсынымдарды қамтитын ғылыми зерттеудің, эксперименттік немесе аналитикалық қызметтің бастапқы, аралық немесе түпкілікті нәтижелерінің мәтіндік материалы болуы тиіс.

Ғылыми мақаланың құрылымы келесі элементтерді қамтуы керек:

- FTAMP (MPHTI) индексі;
- мақаланың тақырыбы;
- мақала авторының (авторларының) аты-жөні (негізгі автор көрсетілуі тиіс);
- автордың (авторлардың) ғылыми дәрежесі, атағы;
- автордың (авторлардың) жұмыс орны – ЖЖОБ мекемесінің (ұйымның), қаланың, елдің атауы;
- әр автор үшін немесе корреспондент автор үшін байланыс ақпараты (e-mail);
- авторлардың ORCID индексі;
- аңдатпа;
- тірек сөздер;
- кіріспе;
- зерттеу материалдары мен әдістері;

- зерттеу нәтижелері;
- зерттеу нәтижелерін талқылау;
- қорытынды;
- қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса);
- әдебиеттер тізімі;
- түйіндеме ақпарат(мақала тілінен өзге тілде: ағылшын және қазақ/орыс).

Мақаланың тақырыбы мақала мазмұнын дәл көрсетіп, қысқа әрі нақты болуы керек. Мақала атауындағы сөздерді қысқартуға болмайды.

Аңдатпада мақаланың негізгі мәні, зерттеу әдістері, басты нәтижелері, олардың маңыздылығы, ғылыми және тәжірибелік құндылығы баяндалады. Аңдатпа көлемі кемі 100 сөз және 300 сөзден артық емес болуы керек.

Тірек сөздер мақаланы іздеуге және оның пәндік саласын анықтауға арналған. Тірек сөздер мақала мәтінінде жиі қолданылатын жеке сөздерден немесе сөз тіркестерінен тұрады. Тірек сөздердің саны кемі 5 сөз және 10 сөзден аспауы керек.

Мақала элементтері кіріспе, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, нәтижелерді талқылау және қорытынды ретінде тиісті мәтіндік, кестелік (қажет болған жағдайда) және графикалық материалдарды (қажет болған жағдайда) қамтуы керек.

Әдебиеттер тізімі мақала мәтініндегі берілген ретпен келтірілуі тиіс.

Мақаланың соңында ағылшын тіліндегі түйіндеме ақпарат келтірілуі тиіс – мақаланың тақырыбы, аңдатпа, тірек сөздер, авторлар туралы мәліметтер және әдебиеттер көздерінің транслитерацияланған тізімі.

Ғылыми мақалаға авторлар туралы мәліметтер қоса тіркеледі, олар барлық авторлар үшін дайындалады (мекен-жайлары мен негізгі авторын көрсете отырып). Хат алмасуларға жауапты корреспондент автор қосымша көрсетіледі.

8.2 Мақаланы рәсімдеу бойынша техникалық талаптар

Мақала А4 форматындағы ақ қағаз парағында келесі өріс өлшемдерімен рәсімделеді: сол жақта 2,5 см, оң жақта 5,5 см, жоғарғы жағында 3,0 см және төменгі жағында – 3,5 см. Қаріп гарнитурасы – TimesNewRoman, қаріп өлшемі – 11, жоларалық – 1,0. Авторлар туралы мәліметтер, аңдатпа, тірек сөздер және әдебиеттер тізімі 10 өлшемді қаріппен рәсімделеді.

9. МАҚАЛАНЫ ЖАРИЯЛАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ МҰРАҒАТТАУ

9.1 Ашық қолжетімділік

«Механика және технологиялар» журналы әлемдік білім алмасудың артуына ықпал ететін ашық қолжетімділікке (Open Access) негізделген. Ашық қолжетімділік – журнал мақалаларын кедергісіз оқуға, жүктеуге, таратуға, сілтеме жасауға, зерттеу мақалаларында пайдануға мүмкіндік береді.

Open Access саясатына сәйкес, жарияланғаннан кейін барлық мақалалар толық мәтінде оқырмандарға <https://mit.dulaty.kz/> сайт арқылы бірден қолжетімді болады.

9.2 Лицензия

Журналда жарияланатын мақалалар CC BY-NC 4.0 (Creative Commons Attribution – Non Commercial 4.0 International) лицензиясымен таратылады. Лицензия мақалаларды коммерциялық емес мақсатта пайдалануды қарастырады. Лицензияға сәйкес пайдаланушылар



авторлық құқыққа сәйкес материалдарды көшіруге және таратуға құқылы, бірақ оларды коммерциялық мақсатта пайдалануға рұқсат етілмейді. Лицензия туралы толық ақпаратты

<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/> сайтынан білуге болады.

9.3 Журнал сандарын мұрағаттау

«Механика және технологиялар» журналында соңғы 12 айда жарияланған мақалалардың электрондық нұсқалары журнал сайтының Мұрағат бөлімінде pdf форматында сақталады. Журналдың алдыңғы сандарында жарияланған толық мәтінді мақалалар <https://journals.dulaty.kz/kk/m-r-g-t/zh-riyal-nymd-r> сілтемесі бойынша журналдың бұрынғы сайтында қол жетімді.

Журналдың 2013 жылдан бастап жарияланған толық мәтіндегі мақалалары <https://elibrary.ru/> сайтында тұрақты түрде, ашық режимдегіні жүктеуге қолжетімді.

10. МАҚАЛАНЫ РЕДАКЦИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ ҮРДІСІ

10.1 Плагиатқа тексеру

«Механика және технологиялар» журналына жіберілген әрбір мақала заңсыз иемденулердің (плагиат) бар-жоғын анықтау үшін тексеріледі. Плагиатқа тексеру [StrikePlagiarism](https://www.strikeplagiarism.com/) лицензиялық жүйесі көмегімен жүргізіледі.

Плагиатқа тексеруден өткен мақала ғана рецензияға жіберіледі. Плагиатқа тексеруден өтпеген мақала келесі кезеңге жіберілмейді және бұл туралы авторға хабарланады.

Плагиатқа тексеру нәтижелері бойынша айқындалған мақала мәтінінің ұқсастық коэффициенті (КП) 25%-дан аспауы тиіс.

Плагиатқа тексеру есебі pdf форматында сайтқа салынады және автордың жеке кабинетінде танысу үшін қолжетімді болады.

10.2 Мақаланы рецензиялау түрі мен тәртібі

Журнал мақалаларын рецензиялау түрі – қос тарапқа да жасырын, яғни автор да, рецензия беруші де бірін-бірі білмейді. Ол үшін рецензентке жіберілетін мақаланың электрондық файлында автор туралы мәлімет өшіріледі. Ал авторға (қажет болған жағдайда) рецензент туралы ақпарат көрсетілмеген рецензия файлы жіберіледі.

«Механика және технологиялар» журналына жариялау үшін тек рецензенттер мен редакция алқасы мүшелерінің оң пікірін алған мақалалар ғана қабылданады. Мақалар екі кезеңмен рецензиядан өтеді.

Бірінші кезеңде мақала ғылыми бағыттары мақаланың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келетін 1-2 тәуелсіз ғалымға рецензияға жіберіледі.

Рецензент редакция ұсынған нысан бойынша рецензия толтырады. Рецензияда мақаланың өзектілігі, зерттеу әдістемесінің сипаттамасы, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік құндылығы, баяндалу сапасы және пікір берушінің шешімі (қабылдау немесе қабылдамау) көрсетіледі. Рецензия компьютерде теріледі және мәтін көлемі 1-2 бетті құрайды. Рецензенттің мақаланы қарау ұзақтығы 14 күннен аспауы тиіс. Дайын рецензияның электрондық нұсқасы электрондық сайт көмегімен редакция маманына жолданады.

Рецензент мақаланы жариялауға ұсынған жағдайда мақала келесі тексеру кезеңіне өтеді. Егер рецензияда кемшіліктер көрсетілген болса, оларды түзету үшін мақала авторға кері қайтарылады. Рецензент мақала туралы теріс пікір білдірген жағдайда мақаланы жариялаудан бас тарту шешімі бас редактордың қолы қойылған жазбаша түсініктеме ретінде авторға жіберіледі.

Рецензиядан өткен мақала екінші кезеңде ғылыми бағытына байланысты редакция алқасының бір мүшесіне жолданады. Ол мақаланы қарастырып, журнал талаптарына сәйкестігін анықтайды және жариялауға (немесе кері қайтаруға) ұсынады. Редакциялық алқа мүшесінің пікірі теріс болған жағдайда, мақала авторларға пысықтауға қайтарылады немесе жариялаудан бас тартылады. Редакциялық алқа мүшесінің мақаланы қарау ұзақтығы 7 күннен аспауы тиіс.

Тексерудің барлық кезеңдерінен өткен (оң пікір алынған) мақала журналдың кезекті санына енгізу үшін қабылданады. Ғылыми мақаланы алу, қарау, рецензиялау және

жариялауға қабылдау үрдісінің кезеңдерін іске асыру алгоритмі осы редакциялық саясаттың 1-кестесінде келтірілген.

10.3 Генеративті ЖИ қолдануға редакцияның көзқарасы

Мақаланы дайындау кезінде генеративті жасанды интеллект (чат-боттар) қолданылған жағдайда (әдебиеттерге шолу, зерттеу жоспарын дайындау, мақала құрылымын құру, мәтінді аудару және редакциялау, жүргізілген зерттеулерді бағалау) автор бұл туралы мақалада «Материалдар мен әдістер» бөлімінде хабарлауға және тиісті сілтемелер беруге міндетті. Генеративті ЖИ қолданылғаны туралы қысқаша мәлімет «Аңдатпа» бөлімінде де көрсетілуі керек. «Әдебиеттер тізімі» бөлімінде тиісті сілтеме беріліп, ол қолданылған технологияның, өндірушінің (күқық иеленушінің) атауын, нұсқаларын, жүгіну және қолдану мерзімдерін, пайдалану себептері мен көлемін (үлесін), сондай-ақ нәтиже алынған сұраулардың сипаттамасын қамтуы тиіс. Чат-ботқа қойылған сұрақ пен оның берген жауабы көрсетілген чат экранының суреті мақалаға қосымша ұсынылуы тиіс. Фотоларды, графиктерді, диаграммаларды, суреттерді, кестелерді ЖИ құралдарын қолдана отырып жасауға және өңдеугекатаң тыйым салынады.

Мақала жазу кезінде генеративті ЖИ құралдарын қолданатын авторлар жариялау этикасының принциптері мен ережелерін қатаң сақтауы керек. Бұл жағдайда авторлар чат-боттардың адамға тән сыни ойлауы қабілеті жоқ екенін түсінуі керек, деректерді талдауда олардың қателесуі мүмкін екенін, ақпаратты шамадан тыс «жалпылама» өңдеп беретінін, сондай-ақ ақиқаттан алшақ болса да сенімді жауаптар ойлап тауып беретінін ескеруі керек. Сондықтан автор жасанды интеллект құралдарына толық үміт артпауы керек, мұндай тәуекелдер бар екенін мойындай отырып, олардың салдарын ескергені жөн. Өз мақаласының мазмұнына, соның ішінде ЖИ құралының көмегімен алынған нәтижелерге қатысты жауапкершілік автордың өзіне жүктелетінін ескеруі керек, осыған орай, жариялау этикасын бұзған жағдайда толық жауапкершілік түбегейлі автордың өзіне артылатынын білгені жөн.

Мақала авторлары генеративті ЖИ арқылы алынған ақпаратты сенімді, қауіпсіз және әдеп нормаларына сай пайдалануы қажет. Ол үшін автор мақалада ғылыми зерттеудің қай кезеңдерінде және ЖИ технологиясы қалай қолданылғанын түсіндіріп, алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеру, өңдеу және түсіндіру әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасын баяндауы керек.

Мұндай мәліметтер көрсетілмеген жағдайда бұл автордың мақалада жасанды интеллект технологияларын қолдану фактілерінің жоқтығын растайтындығын куәландырады. Егер ЖИ құралдарын пайдалану фактілері анықталған кезде және ол туралы мақалада тиісті сілтемелер болмаған жағдайда, жариялау этикасы қағидаттарын қасақана бұзғаны үшін сараптаудың кез келген кезеңінде мақаланы жариялаудан түбегейлі бас тартылады.

11. ЖУРНАЛДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

11.1 Ғылыми теріс пиғыл фактілеріне көзқарас

«Механика және технологиялар» журналына жариялау үшін ұсынылған және тексерілетін ғылыми мақалалардың авторлары, редакциялық алқа мүшелері және рецензенттері ғылыми әдеп қағидаттарына сай келмейтін мынадай фактілерге жол бермеуі тиіс:

- 1) Авторлар орындамаған және нәтижесін алмаған зерттеулердің (теориялық, эксперименттік және т.б.) нәтижелерін жариялауға ұсыну;
- 2) Зерттеу нәтижелерін қасақана бұрмалау немесе ғылыми деректердің анықтығына әсер ететін ақпаратты жасыру;
- 3) Өзге авторлардың ғылыми нәтижелерін иемдену немесе ғылыми идеяларын тиісті сілтемесіз беру;

4) Зерттеу жүргізуге және ғылыми мақала дайындауға үлесі жоқ тұлғаларды авторлар құрамына енгізу;

5) Ғылыми мақаланы елеулі сапалық және сандық өзгеріссіз немесе қосымша ғылыми нәтижелерді пайдаланбай, өзге атаумен қайта жариялау;

6) Журналдың, сондай-ақ редакциялық алқа мүшелерінің беделі мен мәртебесіне теріс ықпал ететін материалдарды ұсыну;

7) Редакциялық алқа мүшелерінің өзі немесе өзі жетекшілік ететін шәкірттерінің (студенттер, магистранттар, докторанттар) мақалаларына рецензия беру;

8) Жарияланым авторларының құрамын бұрмалау;

9) Жалған ғылыми материалдарды ұсыну;

10) Ғылыми мақаланы басқа авторлармен келіспей және редакциялық алқаның рұқсатынсыз басқа басылымға беру;

11) Мақала материалдарын үшінші тұлғаларға тарату;

12) Авторлық құқықтарды және редакциялық үрдістердің құпиялық қағидатын бұзу;

13) Қолжазбаларда дәйексөздерді бұрмалау және плагиат;

14) Мақаланы дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып алынған нәтижелерді қасақана жасыру және олардың авторлығын өзіне иемдену (пайдаланылған ЖИ құралдарына тиісті сілтемелердің болмауы);

15) Мақала жариялаудағы ғылыми мүдделер қақтығысы.

Аталған фактілер (немесе олардың біреуі) анықталған жағдайда олар ғылыми мақаланың ресми рецензиясында көрсетіледі. Мақала жарияланғанға дейін анықталған теріс фактілер жойылуы керек немесе түзетілуі тиіс. Түзетілмеген жағдайда қолжазба кері қайтарылады. Этикалық белгілер бойынша ғылыми мақаланы жариялаудан бас тарту шешімі бас редактордың қолы қойылған жазбаша түсініктеме ретінде беріледі. Мақала жарияланып қойғаннан кейін осындай фактілер анықталған жағдайда редакциялық алқа тиісті негіздеме жасау арқылы оларды теріске шығарып, журналсандарының бірінде көшірім сұрауы тиіс.

«Механика және технологиялар» журналының редакциясы Жарияланымдар этикасы комитеті (COPE) белгілеген әдеп қағидаларын ұстанады. Бұл туралы толық ақпаратты <https://publicationethics.org/> ресми сайтынан білуге болады. COPE этикалық принциптерімен мына сілтеме арқылы тікелей журнал сайтынан танысуға болады: https://mit.dulaty.kz/docs-files/uploads/Blok_oblozhka_2023.pdf

11.2 Авторлар құқығы

«Механика және технологиялар» журналына мақала ұсынатын авторлар мынадай құқықтарға ие:

- өзінің немесе әріптестерінің қатысуымен жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижелері баяндалған мақалалар ұсынуға;
- ұсынған мақаланың авторлық құқықтарын қорғауға;
- мақала бойынша редакциялық сараптама барысы туралы ақпарат алуға;
- мақаланы қабылдау туралы шешім шыққанға дейін оны жариялаудан бас тартуға;
- редакциядан мақала дайындау және оны редакция сайтына онлайн жүктеу талаптарын алуға;
- жарияланған мақаланың көшірмесін алуға құқылы.

11.3 Автордың міндеттері

«Механика және технологиялар» журналына мақала ұсынған авторға редакция алдында келесідей міндеттер жүктеледі:

- редакцияға ұсынылатын мақаланы журнал талаптарына толық сәйкестендіру;
- бұрын жарияланған немесе басқа журналдарға ұсынылған мақалаларды редакцияға жібермеу;
- мақала дайындау барысында әдеп қағидаларын сақтау;

- мақалада қолданылған материалдарға, қолданылған жасанды интеллект құралдарына сілтемелер беру;
- мақаладағы дәйектердің, нәтижелердің, фактілердің дұрыстығына кепілдік беру;
- мақаланы редакциялық сараптау барысында қажетті мәліметтер беру және талаптарды орындау;
- сараптау нәтижесінде мақалада анықталған кемшіліктерді түзету;
- мақаланы электрондық сайт арқылы онлайн ұсыну және хат алмасу;
- қабылданған мақалаларды жариялау ақысын төлеу және төлем түбіртектерінің көшірмесін редакцияға жіберу;
- жарияланған мақаланы электрондық сайттан өз бетінше жүктеп алу;
- журналдың әр санына 2 мақаладан артық ұсынбау.

11.4 Рецензенттің құқықтары мен жауапкершілігі

«Механика және технологиялар» журналының рецензенті келесі құқықтарға ие:

- рецензияға ұсынылатын мақаланың электрондық нұсқасын алу (авторлары көрсетілмеген);
 - рецензия нысанын алу;
 - рецензияны 14 күн мерзім ішінде дайындау;
 - өзінің зерттеу бағыты мақала мазмұнымен сәйкес келмеген жағдайда рецензия беруден бас тарту;
 - рецензия нәтижесінде кемшіліктері анықталған мақаланың түзетілген нұсқасын алу.
- Рецензенттің жауапкершіліктері төмендегідей:
- рецензияға ұсынылған мақаланы бөгде тараптарға таратпау;
 - мақаладағы материалдарды өз мүддесіне пайдаланбау;
 - рецензия дайындау үшін жасанды интеллект технологияларын пайдаланбау;
 - рецензияны сапалы, дәйекті және объективті дайындау;
 - рецензияны белгіленген мерзімнен кешіктірмей редакцияға ұсыну;
 - рецензияның электрондық нұсқасын редакцияға сайт арқылы тапсыру;
 - мақалада анықталған кемшіліктерді түзету бойынша ұсыныстар беру.

11.5 Редакциялық алқа мүшесінің құқықтары мен міндеттері

«Механика және технологиялар» журналының редакциялық алқа мүшесінің құқықтары мен міндеттері төмендегідей:

- журналдың жауапты бағыттары бойынша ғылыми мақалаларды қарау және оларды сараптап бағалау;
- мақалаларды рецензиялау үшін ғалымдар мен мамандарды тарту;
- «жасырын» рецензиялау үшін рецензенттер базасын қалыптастыруға және жаңартуға қатысу;
- ғылыми ұжымдар мен ғалымдар арасында журналды насихаттау;
- ұжымдық шешім шығару үшін мақаланы рецензиялау бойынша сұрақтар әзірлеу және ұсыну;
- редакциялық алқа жұмысына қатысу және журнал сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау.

11.6 Редакция маманының құқықтары мен міндеттері

«Механика және технологиялар» журналының маманына (шығаруға жауапты тұлғаға) мынадай құқықтар мен жауапкершілік жүктеледі:

- мақала авторларымен іскерлік хат алмасу;
- мақаланы рецензиялау және журналды дайындау мәселелері бойынша бас редактормен және редакциялық алқа мүшелерімен өзара әрекеттесу;

- журнал сандарын шығару мәселелері бойынша «Dulaty University» баспасымен қарым-қатынас жасау;
- журналдың электрондық сайтын ақпаратпен толықтыру;
- ғылыми мақалаларды жинау және талдау, оларды рецензенттерге беру;
- мақалаларда көшіру фактілерін (плагиат) анықтау үшін тексеру жүргізу;
- мақаланың рәсімделуін қолданыстағы стандарттар (бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар және т.б.) талаптарына сәйкестігін бақылау;
- журналдың кезекті санын дайындау;
- журнал санының электрондық нұсқасын жасау және оларды журнал сайтына орналастыру;
- мақалалардың метадеректерін дайындау және олардың электрондық нұсқаларын дерекқорларға, оның ішінде халықаралық базаларға жіберу;
- журнал санының шығу мерзімдерін бақылау;
- мақалаларды көшіру фактілерін анықтау үшін жүргізілген тексеру анықтамалары мен жариялауға қабылданған ғылыми мақалаларға берілген рецензиялардың электрондық нұсқаларын сақтау.

11.7 Бас редактордың құқықтары мен міндеттері

«Механика және технологиялар» журналының Бас редакторының құқықтары мен міндеттері:

- редакциялық алқаның қызметіне басшылық жасау;
- редакциялық алқаның сапалық және сандық құрамын айқындау;
- ғылыми мақалаларды «жасырын» рецензиялау үшін рецензенттер базасын қалыптастыру;
- мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, баспасөзде, түрлі ғылыми форумдарда, конференцияларда және т.б. редакция алқасы мен ғылыми журналдың мүдделерін қорғау;
- журналдың әрбір санының жобасын қарау және оны баспаға беруге рұқсат ету;
- журнал санына енгізілетін ғылыми мақалалардың сапасын бақылау;
- журнал қызметі бойынша авторлармен, редакциялық алқа мүшелерімен және редакция қызметімен байланысты басқа да тұлғалармен іскерлік хат алмасу;
- журнал мазмұнының сапасына, тақырыптық бағыты мен шығарылу мерзіміне жауапты болу;
- журналға сілтеме жасалуын жақсарту, оның имиджі мен ғылыми ортада танылуын жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу және іске асыру.

12. МАҚАЛА ЖАРИЯЛАУ ТӨЛЕМАҚЫСЫ

12.1 Төлемқы мөлшері

«Механика және технологиялар» ғылыми журналында мақаланы дайындау, сараптама жүргізу, жариялау, DOI индекстерін тіркеу және мақаланың метадеректерін индекстелетін базаларға жүктеу сияқты жұмыстар үшін төлемақы қарастырылған. Журналдың тақырыптық бағытына байланысты университеттің Ғылыми кеңесінің 09.04.2024 жылғы шешіміне сәйкес белгіленген төлем көлемі мынадай:

Журналдың тақырыптық бағыты	Өлшем бірлігі	Жариялау ақысы, теңге	ДУ авторларына, теңге
Комитеттің 2-тізіміне енген тақырыптық бағыттар			
Тамақ өнімдерінің технологиялары	1 мақала	20 000	10 000
Жеңіл өнеркәсіп технологиялары	1 мақала	30 000	10 000

Химиялық технологиялар	1 мақала	20 000	10 000
Құрылыс технологиялары	1 мақала	12 000	10 000
Өзге тақырыптық бағыттар	1 мақала	2 500	2 500


Жариялау төлемі мақала жариялауға қабылданғаннан кейін ғана жасалады. Тиісінше, авторлардан алдын-ала ешқандай төлем қабылданбайды.


Шетелдік авторларға мақала жариялау ақысыз.

12.2 Төлем жасау тәсілдері

Жарияланым үшін төлемді жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да жасай алады.

Жеке тұлғалар үшін онлайн-банктердің қосымшалары арқылы төлем жасау ұсынылады (Kaspi.kz, Halyk және т.б.). Ол үшін ыңғайлы қосымшаны таңдап, келесі әрекеттердің бірін орындау қажет:

 Kaspi.kz қосымшасын ашыңыз → Төлемдер → Барлық төлемдер → Білім → ЖОО және колледждер → М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Dulaty University) → Мақаланы жариялау

 Halyk қосымшасын ашыңыз → Төлемдер → Барлық төлемдер → Жамбыл облысы → Білім → ЖОО, колледждер → «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КАҚ → Бағыт → Мақала жариялау үшін

Төлем жасалғаннан кейін түбіртектең көшірмесін журналдың редакциясына жіберу қажет.

Заңды тұлғалар үшін келісім-шартнегізінде банктік аударым арқылы төлем жасауға болады (төлем шотын, шот-фактураны және орындалған жұмыстар актісі беріледі).

12.3 Реквизиттер

«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕАҚ
080000, Тараз қаласы, Әулие ата ауданы, Ы. Сүлейменов көшесі, 13
БИН: 240 940 026 321

Кбс: 16

КНП: 859

Банк: «Банк Центр Кредит» АҚ

ИИК: KZ668562203140753935


БИК: KСJBKZKX

Төлем мақсаты: Өзге табыстар → «Механика және технологиялар» журналында мақала жариялау үшін.

13. МАҚАЛАНЫ РЕДАКЦИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ ҮРДІСІНІҢ АЛГОРИТМІ

Ғылыми мақаланы алу, қарау, рецензиялау және жариялауға қабылдау үрдісінің кезеңдерін іске асыру алгоритмі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте –Мақала жариялау үрдісінің алгоритмі

Алгоритм	Үрдіс кезеңдері	Жауапты	Қатысушы	Ақпарат алушы	Шығыс құжаттары
	1. Мақаланың журнал редакциясына түсуі	Мақала авторы	Мақала авторы, журналдың жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	Мақала файлы электронды форматта
	2.1 Мақаланы плагиатқа тексеру. Талаптардан ауытқу болған жағдайда авторға қайтару	Журналдың жауапты хатшысы	Журналдың жауапты хатшысы	Мақала авторы	Тексеру нәтижесі туралы анықтама
	2.2 Мақаланы бастапқы тексеруге өткізу	Журналдың жауапты хатшысы	Журналдың жауапты хатшысы	-	Мақала файлы электронды форматта
	3. Мақаланы бастапқы (техникалық) тексеру	Басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	-	Мақала файлы электронды форматта
	4.1 Мақаланы авторға пысықтауға қайтару (талаптардан ауытқу болған жағдайда)	Басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы, мақала авторы	Мақала авторы	Мақала бойынша ескертулер
	4.2 Мақаланы рецензиялауға жолдау	Басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы, рецензент	Рецензент	Мақала файлы электронды форматта
	5. Мақаланы рецензиялау	Рецензент	Рецензент	-	Мақала файлы электронды форматта
	6. Мақаланы басылым редакциясына қайтару	Рецензент	Рецензент, басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	Рецензия электронды форматта
	7.1 Мақаланы сараптамалық бағалауға жолдау (оң рецензия болған жағдайда)	Басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы, мақала авторы	Мақала авторы	Рецензия электронды форматта
	7.2 Мақаланы сараптамалық бағалауға жолдау (оң рецензия болған жағдайда)	Басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы, редколлегия мүшесі	Редколлегия мүшесі	Мақала файлы және рецензия электронды форматта
	8.1 Мақаланы қайта	Редколлегия мүшесі	Редакция алқасының	Басылымның жауапты	Мақала файлы және

	рецензиялауға қайтару (сараптамалық бағалау қорытындысы бойынша ескертулер болған жағдайда)		мүшесі, басылымның жауапты хатшысы, рецензент	хатшысы, рецензент	сараптамалық бағалау парағы электрондық форматта
	8.2 Мақаланы редакцияға жолдау (оң сараптамалық бағалау кезінде)	Редколлегия мүшесі	Редакция алқасының мүшесі, басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	Сараптамалық бағалау парағы электрондық форматта
	9. Мақаланы шығаруға дайындау және беттеу	Басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	-	Мақаланы электрондық форматта басып шығару
	10. Мақаланы редакторлық тексеру	Басылымның бас редакторы	Басылымның бас редакторы, жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	Басылым нөмірін электрондық форматта басып шығару
	11. Басылым нөмірін шығару	Баспа басшысы	Баспа басшысы, басылымның жауапты хатшысы	Басылымның жауапты хатшысы	Басылым нөмірі

14. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

14.1 Журнал шығару жұмыстарын ұйымдастыру және орындау кезінде орын алуы ықтимал тәуекелдер болуы мүмкін.

2-кесте – Тәуекелдің ықтималдығын бағалау

Ықтималдығы	Сипаттамасы
1 – екіталай (0-10%)	Тәуекелдік жағдай болмауы мүмкін
2 – ықтималдығы төмен (11-25%)	Тәуекелдік жағдайы аз да болса болуы мүмкін
3 – ықтимал (26-50%)	Тәуекелдік орын алуы мүмкін
4 – ықтималдығы жоғары (51-100%)	Тәуекелдік болуы әбден мүмкін

3-кесте – «Механика және технологиялар» журналын шығару кезінде туындайтын ықтимал тәуекелдер және оларды болдырмау (азайту) жөніндегі іс-шаралар

Тәуекел сипаттамасы	Тәуекелдің әсерін сипаттау	Тәуекелді бағалау	Тәуекелдің болуы (0-ден 100%)	Тәуекелді азайту жөніндегі іс-шаралар	Жауапты	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
Мақаланы дайындау кезінде авторлардың журналдың редакциялық саясатының талаптарын сақтамауы	1. Журналда талаптарға сай келмейтін мақалалар жариялау. 2. Журналдың сапасы мен имиджін төмендету	«екіталай»	0-10%	Журналға қабылданатын мақалаларды толыққанды тексеру	Бас редактор, редакция маманы	Тұрақты
Редакция мамандарының,	1. Баспа стандарттарының,	«ықтималдығы»	11-25%	Редакция қызметінің	Бас редактор,	Тұрақты

рецензенттердің, редакция алқасы мүшелерінің мақалаларды сапасыз тексеруі, рецензиялауы және сараптауы	нормативтік және нұсқаулық құжаттардың талаптарын бұза отырып журнал шығару. 2. Журналдың сапасы мен имиджін төмендету	төмен»		жұмыс сапасына мониторинг жүргізу	редакция алқасының мүшелері, рецензенттер, редакция маманы	
Авторлардың ғылыми мақала жариялау бойына әдеп қағидаларын өрескел бұзуы, ғылыми теріс пиғылды фактілерге жол беруі	1. Журнал санында дәйексіз сілтемелері бар мақалалардың жариялануы. 2. Журнал беделінің жоғалуы және мақала сапасының нашарлауы	«ықтимал»	26-50%	Қабылданатын мақалаларды плагиатқа тексеру (StrikePlagiarism жүйесі мысалында)	Бас редактор, редакциялық алқа мүшелері, редакция маманы	Тұрақты
Жарияланған мақалалар сапасының төмендеуіне байланысты журналды Комитет ұсынған басылымдар тізімінен шығару	1. Журнал беделінің төмендеуі. 2. Журналға берілетін мақалалар санының азаюы	«ықтималдығы жоғары»	51-100%	Нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау, редакцияның жауапты тұлғаларының лауазымдық міндеттерін мұқият орындауы, қызметіне мониторинг жүргізу	Бас редактор, редакциялық алқа мүшелері, редакция маманы	Тұрақты

15. ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А. Келісу парағы

Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы

«Механика және технологиялар»
ғылыми журналының бас редакторы

Бекбасаров И.И.

А қосымшасы

ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Б қосымшасы

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]